

«КЕЛІСЕМІН»

Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет,
архивтер және құжаттама басқармасының
КМК басшысы

_____ Е.Жүнісбай
«_____» _____ 2021 жыл

«БЕКІТЕМІН»

Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет,
архивтер және құжаттама басқармасының
К.Әзірбаев атындғы Жамбыл облыстық
филармониясы КМҚК-ны директоры

_____ С.Ш.Түктібаев
«_____» _____ 2021 жыл

**Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен
жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай өтетін
Кенен Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым»
X Республикалық дәстүрлі әншілер конкурсының
Е Р Е Ж Е С І**

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ:

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай өтетін қазақтың әйгілі халық ақыны, әнші, композитор Кенен Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» X Республикалық дәстүрлі әншілер конкурсы 2021 жылғы 22-23 сәуірде Тараз қаласында өтеді.

Конкурс екі жылда бір өтеді.

2. ЖОБАНЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛАР:

Жамбыл облысы әкімдігінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы, Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясы.

3. ЖОБАНЫ ҮЙЛЕСТІРУШІЛЕР:

Облыс әкімдіктерінің Мәдениет басқармалары, жергілікті қала және аудан әкімдіктері, ЖОО ректорлары, ОАОО директорлары.

4. КОНКУРСТЫҢ МАҚСАТЫ:

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақалаларын, ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауы мен «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласын ілгерілету, «Дала фольклорының мың жылы» арнайы жобасын жүзеге асыру, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен жыр алыбы Ж.Жабаевтың 175 жылдығын паш ету, К.Әзірбаевтың шығармашылығын жаңғырту, дарынды жастардың орындаушылық шеберліктерін шыңдау, көпшілікке танылуына жан-жақты мүмкіндік жасау, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Жамбыл мен Кенен шығармаларынан «Шырқа, даусым» атты CD жинақ шығару.

5. КОНКУРСТЫҢ ТАЛАПТАРЫ МЕН ШАРТТАРЫ:

- Конкурсқа 18 бен 35 жас аралығындағы әншілер қатыса алады. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан 2 үміткерден, Қазақстанның басқа облыстарынан 2 үміткерден, Жамбыл облысынан 4 үміткерден өтініш беруге болады.

- Конкурс II кезеңнен тұрады. I кезеңнен өткендер II кезеңге жолдама алады.

- Аталмыш конкурсқа К.Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» Республикалық дәстүрлі әншілер конкурсының Бас жүлдегерлері мен I орын иегерлері қатыстырылмайды.

I кезеңде үміткер тізімде көрсетілген К.Әзірбаевтың кез-келген бір әнін, Ж.Жабаевтың ән, арнау-толғаулары мен ақынға арналған туындылардың өз қалауынша біреуін ғана орындайды.

1. Бозторғай
2. Тік шырқау
3. Бал құйылды даладан
4. Анама (айтылмаған ән)
5. Сынаптай сырғақ дүние-ай
6. Жайнады тыңым, жайнады
7. Қазақстан аймағы
8. Жаса Қазақстан
9. Қайран ел қайда?
10. Көкшалақ

II кезеңде үміткер екі ән орындайды.

1) Өз қалауы бойынша халық әнін немесе халық композиторларының бір әнін орындайды.

2) Жеребе тарту бойынша төмендегі тізімде көрсетілген К.Әзірбаевтың әндерінің бірін орындайды.

1. Шырқа, даусым
2. Көпшілік, тыңда әнімді
3. Ұрия-ай, дүние-ай
4. Гигигай
5. Алатау алабында
6. Мен сүйемін халқымды
7. Бұлбұлға
8. Өтеді-ау өмір (айтылмаған ән)
9. Қайран жастық
10. Домбыра
11. Базар-Назар
12. Қалады-ау (ақынның соңғы әні)

6. ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР:

- Үміткердің жеке куәлігі (түпнұсқасы және көшірмесі).
- Үміткердің 20-сандық есепшоттық нөмірі (банктен анықтама – көшірмесі).
- Арнайы бекітілген үлгідегідей ұсыныс хаты (үлгісі қосымша бетте).
- JPEG форматтағы фотосуреті (электронды түрде).
- Шығармашылық өмірбаяны (электронды түрде).
- Конкурста орындалатын әндерінің тізімі.
- Үміткер «Шырқа, даусым» CD жинағына алдын ала 2021 жылғы 27 наурызға дейін К.Әзірбаевтың 5 әнін, Ж.Жабаевтың арнау-толғаулары мен ақынға арналған туындылардан өз қалауынша 3 шығарманы сапалы жазылған +даусы басылған mp3 нұсқасын жолдайды.

7. БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ:

- Орындаушылық шеберлігіне;
- Әннің әуенін бұзбай орындауға;
- Ән мәтінін дұрыс орындауға;
- Дауыс мәнері мен кеңдігіне (диапазонына);
- Сахна мәдениеті мен киім үлгісіне көңіл бөлінеді.

8. КОНКУРСТЫҢ ҚАЗЫЛАР ҚҰРАМЫ:

Қазылар алқасының құрамына музыкалық білімі мен ұстаздық тәжірибесі бар мәдениет және өнер қайраткерлері кіреді. Қазылар алқасының шешімі түпкілікті және қайта қарауға жатпайды. Дауыстар тең бөлінген жағдайда төрағаның дауысы шешуші

болып табылады. Қазылар алқасы конкурсты ұйымдастырушылармен белгіленген жүлделі орындарды бермеуге немесе үміткерлер арасында бөлуге құқылы.

9. КОНКУРС ЖҮЛДЕЛЕРІ:

- ✓ 1 - Бас жүлде және лауреат атағы, қаржылай сыйлық;
- ✓ 1 - I орын және лауреат атағы, қаржылай сыйлық;
- ✓ 2 - III орын және лауреат атағы, қаржылай сыйлық;
- ✓ 3 - III орын және лауреат атағы, қаржылай сыйлық;
- ✓ Арнайы жүлделер мен қаржылай ынталандыру сыйлығы: «Кенен Әзірбаев» атындағы жүлде, «Жамбыл облысы әкімінің» арнайы жүлдесі, «Жамбыл облысы әкімінің мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының» арнайы жүлдесі, «К.Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясының» арнайы жүлдесі, «Көрермен көзайымы» арнайы жүлдесі, «Көне Тараз» арнайы жүлдесі, «Ж.Жабаевтың 175 жылдығына» арналған арнайы жүлде, «Тәуелсіздік құрдасы» арнайы жүлдесі, «Талас толқыны» арнайы жүлдесі, «Жас үміт» арнайы жүлдесі.
- ✓ 17 - Алғыс хат.

10. КОНКУРСТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ:

- Конкурс облыстық бюджеттен қаржыландырылады.
- Облыстар мен республикалардан қатысушылардың жол шығыны жіберуші жақтан, жатын орны мен тамағы ұйымдастырушылар есебінен төленеді.

11. ҚОСЫМША АҚПАРАТ:

- 2021 жылғы 27 наурызға дейін ұсынылған үміткердің орындауындағы К.Әзірбаевтың 5 әні, Ж.Жабаевтың арнау-толғаулары мен ақынға арналған туындылардан 3 шығарма «Шырқа, даусым» CD жинағана таңдалып енетін болады. Жинақ баспадан шығарылып, конкурста сыйға тартылады.
- Өтініштер 2021 жылғы 27 наурызға дейін қабылданады.
- Қосымша ақпараттар: zhofil.kz филармония сайтына, filarmoniyataraz facebook, Instagram әлеуметтік желілеріне салынады.
- **Үміткер назарына!** Кенен Әзірбаевтың әндерін, ноталары мен өлең мәтіндерін azirbayev.kz сайтынан жүктеп алуға болады.

12. БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:

Өтініштер filarmoniyataraz@mail электрондық поштаға немесе төмендегі мекен-жайға жолданады: Қазақстан Республикасы, Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Төле би көшесі 89-үй («Баласағұн» ОКЗ), Кенен Әзірбаев атындағы Жамбыл облыстық филармониясы. Байланыс телефондары: Тел.: 8(72-62) 34-28-61, 34-29-59.

Жауапты координатор: Ақпарат және қоғаммен байланыс жөніндегі менеджер Арай Нарбатырова – 8-707-581-43-23, 8-702-681-43-23, электрондық поштасы narai_89@mail.ru.

**ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мен
жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың
175 жылдығына орай өтетін
Кенен Әзірбаев атындағы
«Шырқа, даусым» Х Республикалық
дәстүрлі әншілер конкурсына қатысуға**

ӨТІНІШ ХАТ

(ұсыныс жасаған мекеменің толық аталуы)

(үміткердің аты-жөні)

Кенен Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» Х Республикалық дәстүрлі әншілер конкурсына қатысатындығын хабарлаймын.

Конкурсқа ұсынылатын құжаттары қоса тіркеледі.

1	Жіберуші жақтың ұсыныс хаты (көшірмесі)	
2	Үміткердің жеке куәлігі (түпнұсқасы және көшірмесі)	
3	Үміткердің 20-сандық есепшоттық нөмірі (банктен анықтама – көшірмесі)	
4	Түрлі-түсті сапалы кәсіби көркем фотосы (электронды түрде)	
5	Шығармашылық өмірбаяны, ұстазы міндетті түрде көрсетілуі керек (электронды түрде)	
6	Конкурста орындайтын репертуар тізімі: I кезең: 1. 2. II кезең: 1. 2. (жеребе бойынша)	
7	«Шырқа, Даусым» CD жинағына алдын ала 2021 жылғы 27 наурызға дейін К.Әзірбаевтың 5 әнін, Ж.Жабаевтың арнау-толғаулары мен ақынға арналған туындылардан өз қалауынша 3 шығарманы сапалы жазылған +даусы басылған mp3 нұсқада жолдауы	
8	Байланысу телефондары:	

Директор

(қолы)

(аты-жөні)

**жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына орай өтетін
Кенен Әзірбаев атындағы «Шырқа, даусым» X Республикалық дәстүрлі әншілер
конкурсын ұйымдастыру тобы**

№	Қалалар, облыстар	Аты-жөні	Қызметі	Байланысу телефоны
1	- Нұр-Сұлтан - Алматы қаласы	Айгүл Мақашева	Әнші, ҚР Мәдениет саласының үздігі	8-702-632-87-02
2	- Алматы облысы	Әділет Әбдікерімов	Әнші, Республикалық конкурстардың лауреаты	8-705-624-76-99
3	- Қызылорда облысы	Нұргүл Абдрашова	Әнші, Республикалық конкурстардың лауреаты	8-708-570-44-19 8-702-945-75-54
4	- Ақмола облысы - Павлодар облысы	Оңал Азаматова	Әнші, ҚР Мәдениет саласының үздігі	8-705-846-25-52
5	- Ақтөбе облысы - Қарағанды облысы	Ерлан Ибәділдаев	Әнші, Республикалық конкурстардың лауреаты	8-702-591-89-79
6	- Батыс Қазақстан облысы	Бақыт Шағырбаев	Әнші, ҚР Мәдениет саласының үздігі	8-701-412-88-13
7	- Маңғыстау облысы	Ержан Ыдырысов	«Тараз» триосының әншісі, «Ерен еңбегі» медалінің иегері	8-775-606-07-62
8	- Тараз - Жамбыл облысы	Айгүл Есекеева	Әнші, Республикалық конкурстардың лауреаты	8-778-490-60-70 8-707-490-60-64
9	- Солтүстік Қазақстан облысы - Шығыс Қазақстан облысы	Марғұлан Әлсейітов	Әнші, Республикалық конкурстардың лауреаты	8-707-928-38-62
10	- Шымкент - Түркістан облысы	Асылхан Шүңіреков	«Тараз» триосының әншісі, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері	8-775-606-07-61
11	- Атырау облысы - Қостанай облысы	Маралбек Бабақұлов	Әнші, ҚР Мәдениет саласының үздігі	8-775-900-02-76 8-747-717-53-45

- ✓ Республикалық конкурс 2021 жылғы 22-23 сәуірде Тараз қаласында өтеді.
- ✓ Жамбыл облысы бойынша әншілерді алдын ала іріктеу:
2021 жылғы 25 наурыз, сағат 11.00-де «Баласағұн» ОКЗ-да өтеді